

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

2. Ерыгин Ю.В., Улицкая Т.Р. Потенциал: содержание понятия и его структура [Электронный ресурс]. <http://science-bsea.narod.ru/2008/ekonom>
3. Савенкова И. В., Кульш М. И. Конкурентный потенциал предприятия с позиции ресурсной концепции // Молодой ученый. — 2014. — №20. — С. 404-409.
4. Гусаков М. Формирование потенциала инновационного развития // Экономист. - 1999. - № 2. - С. 3-38.
5. Потенциал и развитие предприятия: пособие для студентов, обучающихся по специальности 6.030504 – Экономика предприятия (для всех форм обучения)/ Э. И. Цыбульская; Нар.укр. акад. [Каф. экономики предприятия]. – Х. : Изд-во НУА, 2013. – 136 с.
6. Инновационное развитие: экономика, интеллектуальные ресурсы, управление знаниями / под ред. Б.З.Мильнера. - М.: НИЦ Инфра-М, 2013. - 624 с.
7. Мясникова О.В. Инновационный потенциал предприятий и факторы его активизации / О.В.Мясникова, А.Л.Кадолко //Инновационные образовательные технологии. - 2013. - № 1. - С. 69-75.
8. Белоусов А.Г., Стаханов Д.В., Стаханов В.Н. Коммерческая логистика. Ростов на Дону: Феникс, 2001.
9. Альбеков А. У., Федько В. П., Митько О. А. Логистика коммерции. Ростов н/Д.: Феникс, 2001.
10. Миротин Л. Б., Ташбаев Ы. Э. Системный анализ в логистике: Учебник. М.: Экзамен, 2002.

ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қайранбеков Б.О., Жуматаева Б.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kairanbekbaur_65@mail.ru, bahyt_jumataeva@mail.ru

Ұйымдағы кез-келген қызмет екі жүйе шеңберінде жүзеге асырылады. Біріншісі – бұл операциондық (ұйымдастырушылық) жүйе, ол қойылған мақсаттарға жетуге негізделген. Екіншісі – бұл құрауыш бөліктері болып саясат, бюджеттер, ережелер, есеп және есептілік жүйесі табылатын бақылау жүйесі. Шектен тыс шығып жатқан ауытқулар туралы уақытылы ақпарат алу үшін бақылау қажет болады. «ұйымдағы ішкі бақылау» деген түсінікке анықтама берейік. Ішкі бақылау түсінігін кең мағынада, сонымен қатар, тар мағынада да қарастыруға болады. Бұл бөлімде ішкі бақылаудың тар мағынадағы анықтамасы қоладнылады. Яғни, ішкі бақылау басқару процесі кезеңінің бірі деп қарастырылады. Ішкі бақылау компанияның қойылған мақсаттарына жетуге бағытталған процесс болып табылады [1].

Ішкі бақылау мақсаты – тиімді шешім қабылдау үшін басқару объектісінің ақпараттық айқындылығы.

Ішкі бақылау кәсіпорын басшылығымен ұйымдастырылады және шаруашылық операцияларын орындаудың заңдылығын, олардың экономикалық тиімділігін анықтайды. Бұл ішкі бақылаудың бақылаудың басқа түрлерінен бірінші және негізгі айырмашылығы. Тәуелсіз аудитті тәуелсіз аудитор жүргізеді, ол қорытынды іс-әрекет формалары мен түрлерін орнатады.

Ішкі бақылау – бұл барлық қызметкерлердің шаруашылық операцияларын жүзеге асыру барысында өз міндеттерін тиімді орындауы үшін басшылық қолданатын іс-шаралар жүйесі. Ішкі бақылау бұл операциялардың заңдылығы мен кәсіпорын үшін мәнін анықтайды.

Бақылау нәтижелері туралы айтпастан бұрын, оның мақсаттарын білу қажет. Ішкі бақылау белгілі бір мақсаттарға бағытталса ғана пайдалы болады.

Ұйым қызметінің кезеңдері – жабдықтау, өндіру, сатып-өткізу – ішкі бақылау объектілері болып табылады.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында әртүрлі әдістер қолданылады, оларға келесідей элементтер кіреді:

- 1) қаржылық есеп (түгендеу және құжаттандыру, шоттар мен екіжақты жазу);

2) басқару есебі (міндеттерді бөлу, шығындарды нормалау);

3) аудит, бақылау, ревизия (құжаттарды тексеру, арифметикалық есептеулер дұрыстығын тексеру, бөлек шаруашылық операциялары есебінің ережесін сақтауды ескеру, түгендеу, қызметкерлерден ауызша сұрау жүргізу, растау және байқау);

4) басқару теориясы.

Жоғарыда аталған барлық әдістер бірыңғай жүйені құрайды және кәсіпорынды басқару мақсатында қолданылады.

Ішкі бақылау мәліметтері кәсіпорын басшылығы мен басқару персоналына кәсіпорын қызметі туралы толық ақпаратты жедел алуға көмектеседі.

Ішкі бақылауды өткізу әрбір кәсіпорын үшін міндетті болып табылады. Ірі кәсіпорындарда ішкі бақылау бойынша арнайы бөлімшелер құрылуы мүмкін – ішкі аудит бөлімдері.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында алынған ақпарат кәсіпорын ішінде пайдаланылады. Ол басшылық және менеджерлер үшін қажет болады.

Кәсіпорындағы ішкі бақылау мақсаттары болып табылады:

1) кәсіпорынның тиімді қызметін жүзеге асыру;

2) кәсіпорынның әрбір қызметкерінің басшылық талаптарын орындауын сақтау;

3) кәсіпорын мүлігінің сақталуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін бухгалтерлік есеп жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің келісімділігі қажет болып табылады.

Бухгалтерлік есеп жүйесінің құрамына мәліметтерді жинау, оларды тіркеу және өңдеу кіреді.

Бухгалтерлік есептің тиімді жүйесі қамтамасыз етуі керек:

1) шаруашылық қызметінің барлық факторларын есепте көрсету;

2) шаруашылық операциясы мен шаруашылық қызмет фактісі арасындағы келіспеушілікті болдырмау;

3) активтер, міндеттемелер және шаруашылық операциялары құнын ақшалай түрде (ҚР валютасы) бағалаудың дәлдігі;

4) шаруашылық операцияларын олардың жүзеге асырылу кезінде есепте көрсету;

5) сыртқы және ішкі есептілікті уақытында дайындау.

Жоғарыда аталған міндеттер бухгалтерлік қаржылық есеп, бухгалтерлік басқару есебі мен ішкі бақылау жүйесі арасында ажырамас байланыс бар екенін көрсетеді.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымына, қызметкерлерінің санына, еншілес ұйымдарының бар болуына, бухгалтерлік есепті орталықтандыру деңгейіне және басқа себептерге байланысты ішкі аудит күрделілігі анықталады.

Халықаралық тәжірибе бойынша аудиттелетін субъектідегі ішкі бақылау жағдайын тексерудің жалпы нәтижелерін баяндау кезінде аудиторлық қорытындыға енгізген жөн болып табылады [2]:

- аудиттелетін субъектінің атқару органының ішкі бақылауды ұйымдастыру және оның жағдайы үшін жауапкершілігі;

- аудитті жүргізу кезінде ішкі бақылау жағдайын қарастырудың мақсаты мен сипаты;

- ішкі бақылау жүйесінің аудиттелетін субъектісі қызметінің масштабы мен сипатына сәйкестігін жалпы бағалау;

- аудит барысында айқындалған ішкі бақылау жүйесінің аудиттелетін субъектісі қызметінің масштабы мен сипатына сәйкессіздіктерін сипаттау.

2007 ж. 28 ақпандағы № 234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24 бабына сәйкес ұйым Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманы, есеп саясатын, операцияларды тиімді жүзеге асыруы үшін ішкі бақылауды ұйымдастыруға құқылы. Ішкі бақылаудың ұйымдастырылуын басшылық қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік мекемелер бақылауы жүзеге асырылады [3].

Аудиттің Халықаралық Стандарттарына сәйкес ішкі бақылау 5 элементтен тұрады:

1. Бақылау ортасы;
2. Субъектінің тәуекелді бағалау процесі;
3. Ақпараттық жүйе;
4. Бақылау бойынша іс-әрекеттер;
5. Бақылаулар мониторингі.

Ішкі бақылау жүйесінің құрауыштары өзара байланыста қателерді, қаржылық есептілікті дайындау кезінде есеп ақпаратының өзгерісін болдырмау, айқындау және түзетуді қамтамасыз етуі қажет.

Экономикалық әдебиеттерде ішкі аудит түсінігі отандық және шетел авторларымен әртүрлі түсіндіріледі.

Осылайша, мысалы, Бычкова С.М. «ішкі аудит есеп және басқа да бақылау мәліметтерін талдау мақсатында басшылық ұйымдастырған ішкі бақылау жүйесінің элементі болып табылады» деп есептейді.

Бурцев В.В. көз-қарасы бойынша, «ішкі аудит – бұл ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген ұйымның қызмет етуін бақылау бойынша қызмет».

Ішкі аудиторлар істей алады:

- ішкіфирмалық ұйымдастыру-нормативті құжаттарды дайындауға қатысу;
- қаржылық-экономикалық диагностика және қаржылық стратегия бойынша сұрақтарды шешу (қаржылық-экономикалық бөлімдермен бірлесе);
- ұйым қызметкерлеріне заңнаманың әртүрлі мәселелері бойынша кеңес беру;
- ұйым қызметкерлерінің квалификациясын жоғарылату бойынша іс-шараларға қатысу;
- басқару аппаратының қызметкерлеріне әртүрлі қаржылық-шаруашылық операцияларының орындалуы бойынша кеңес беру;
- бухгалтерлік есепті орнатуға қатысу.

Ішкі бақылауды үш блокқа бөлуге болады:

1. Ішкі ведомстволық қаржылық бақылау;
2. Фирмадағы (компания) ішкі бақылау;
3. Ревизиялық комиссиялар қызметі.

Ішкі бақылаудың дамуында кәсіпорындар масштабтарының өзгерісі және қызметінің күрделенуі өзіндік рөл атқарды.

Ұйымдағы ішкі бақылау жүйесінің талаптары бухгалтерлік есеп жүйесімен байланысты болмайды, ал қолмен жүзеге асырылтын және автоматтандырылған есеп жүйелеріне тарала береді. Жұмыс процестерін толығымен қамтамасыз ету үшін ақпаратты электронды өңдеу әдістеріне байланысты ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын сипаттау қажет.

Бұл жағдайда келесілерді есепке алу қажет:

- электронды өңдеу жүйесі көмегімен ақпаратты өңдеу өткізілген тексеріс туралы белгі қоюға мүмкіндік бермейді; оны қолмен жасауға да болмайды, өйткені құжаттарды қолмен өңдеу жүзеге асырылмайды;
- бірыңғай операцияларды өңдеу бір үлгі бойынша орындалады;
- ақпаратты өңдеудің электронды жүйесі белгілі бір жұмыс операцияларын автоматты түрде орындалуы мүмкін.

Осыдан, ішкі бақылаудың заманауи жүйесі – бұл аудиттелетін субъектінің басшылығы қабылдаған әдістемелер мен іс-шаралар жиынтығы.

Бақылау құралдары ішкі бақылау жүйесінің құрауыш бөліктері деп түсініледі.

Аудиттелетін субъекті басшылығының тәжірибелік іс-әрекеттері өз кәсіпорнында ішкі бақылау жүйесін орнату және дамытуға бағытталады.

Ішкі бақылау жүйесіндегі ерекше орынды бақылау-ревизиялық комиссиялар алады, олар көптеген коммерциялық құрылымдарда құрыла алады: жауапкершілігі шектеулі немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестерінде, акционерлік қоғамдарда, ассоциациялар мен

кеңестерде. Ревизиялық комиссияның статусы шаруашылық субъектісінің жарғысында анықталуы тиіс.

Айтылғандардың барлығы ұйымдағы ішкі бақылау келесідей болып табылады деп қорытынды жасауға болады:

- 1) басқару процесінің әрбір кезеңінің ажрамас элементі;
- 2) «шеттелген» кезең, ол ақпараттың шынайылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, ішкі бақылау, бір жағынан, тиімді басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал басқа жағынан – ұйымдастыру және реттеу процестерімен қосылғанда, қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. Ішкі бақылаудың бұл жақтары ажырамас бірлікте және басқару процестері циклдерінде динамикалық байланыста болатынын айта кеткен жөн.

Әдебиеттер:

1 Шиборш К.В. Бюджетирование деятельности промышленных предприятий. - М.: Дело и сервис, 2004. –87с.

2 Волкова, О.Н. Бюджетирование и финансовый контроль в коммерческих организациях/Ольга Н.В.- Москва: Финансы и статистика, 2005.- 268с.

3 Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп туралы» Заңы (өзгерістер және толықтыруларымен).